
А антропрлогизмі



ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Д 20

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы
Абай ғылыми-зерттеу институты ұсынған

ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС

Ж. Дәдебаев (төраға), С. Ашымханова, Қ. Әбдезұлы,
Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков, Б. Жақып,
А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, З. Сейітжанов,
Ә. Тарақ, Д. Ысқақұлы

Пікір жазған
филология ғылымдарының докторы, профессор **Ә. Тарақ**

Жауапты редактор
филология ғылымдарының докторы, профессор **З. Сейітжанов**

Дәдебаев Ж.
Д 20 Абайдың антропологизмі. Монография. – Алматы: Атамұра, 2024. – 320 бет.

ISBN 978-601-10-0516-6

Профессор Жанғара Дәдебаевтың монографиялық зерттеу еңбегінде Абайдың антропологизмі, Абай шығармашылығындағы адам болмысының көркемдік, әлеуметтік-этикалық, эстетикалық мәселелері, Абай ілімінің жүйесі, құрамдас бөлімдері мен бастау көздері, басты категориялары мен ұстанымдары пайымдалған.

Еңбек гуманитарлық және қоғамдық ғылым саласында ізденіп жүрген зерттеушілерге, жоғары оқу орындарында «Абай ілімі» оқу пәні бойынша білім алушы жастарға, сондай-ақ магистранттар мен докоранттарға, абайтанушы жас мамандарға арналған.

ISBN 978-601-10-0516-6

© Дәдебаев Ж., 2024
© «Атамұра», 2024

Сүйенген, сенген дәурен жалған болса,
Жалғаны жоқ бір Тәңірім, кеңшілік қыл.

Абай

КІРІСПЕ

Антропологизм атауы екі сөздің бірігуінен жасалған: көне грек тілінде **ἄνθρωπος** – адам, **λόγος** – ілім. Адам туралы ілім деген мағынаны білдіреді.

Абайдың шығармашылық мұрасындағы басты тұлға – Адам, басты мәселе – адамның адамшылығы.

Абайдың ақындығы, адамы туралы жазылған еңбектер аз емес. Абайдың адамы, Абайдың адамтануы хақында біркатар зерттеулер бар. Абайдың «әділет туралы ілімі», «адамгершілік туралы ілімі», «толық адам ілімі», «кемел адам ілімі» айналасындағы ізденістер қанат жайып келеді. Абайтану ғылымы үшін олар маңызды.

«Абайдың антропологизмі» дегенде, ойымызда «Абайдың адам туралы ілімі» деген ұғым тұрады. Дұрысы – Абайдың ілімі. «Абайдың антропологизмін» осы тұрғыдан қабылдау орынды болмақ. Біздің зерттеуімізде Абайдың антропологизмі мен ақындығы өзара тығыз байланыста, бірлікте және бірнеше ғылым салаларының тоғысында пайымдалады.

Абайдың антропологизмін бірнеше ғылым салаларының тоғысында қарастыруда оқшау бастама жоқ. Бұл мәселені дәл осы тұрғыда қарастырғанда ғана ойдағыдай нәтижеге жетуге болады. Солай бола тұра зерттеу өзегінде әдеби-эстетикалық ұстанымның атқаратын қызметіне зор көңіл бөлінеді. Бұл тұрғыдан келгенде, Абайдың антропологизмін әдеби-шығармашылық антропологизм, поэтикалық антропологизм өрісінде түсініміміз абзал.

Абайдың антропологизмі аясында ақын ілімінің мынадай құрамдас бөлімдері анықталды: ақыл; қайрат; жүрек (махаббат). Бұл үшеуі де ақынның шығармашылығында адамға тән басты қасиеттер. Олардың бірін алып тастауға немесе олардың қатарына тағы бір қасиетті алып келуге бол-

қағидалардың біртұтас жүйесін қалыптастырды. Абай ілімінің өзегіндегі қағидалардың біртұтас жүйесі жалпыадамзаттық рухани құндылыққа айналды.

Жалпыадамзаттық рухани құндылық туралы ой айтуға абай болған дұрыс. Өйткені жалпыадамзаттық рухани құндылықтар жүйесін жасауға ойшылдардың бәрінің ресі жетпейді. Турасын айтқанда, жалпыадамзаттық рухани құндылықтар жүйесінің баламасы да, мезгілдік және мекендік шегі де болмайды. Ондай жүйені жасау адамзат ақыл-ойының бар қуатын, барлық нәрі мен мәнін игеруді, кемеңгерлік танымды талап ететінінде сөз жоқ. Абай осы талап биігінен табылды.

Абайдың заман болмысы мен адам келбеті туралы, адам мен заман хақында айтқан ойлары, қағидалары өмір шындығын, дәуір сипатын, адам құлқын, адамның ойы мен ісін терең танып, бағалау негізінде туған.

Дәуір сипатының, адам құлқының өлшемі де, мөлшері де шектеулі. Ақынның осы шектеулі болмыс шегінде айтып отырған ойларында, насихаттарында, қағидалары мен тұжырымдарында шек, шет жоқ. Ақын ілімінде негізделген қағидалардың, құндылықтардың мәні адамзаттың бәріне бірдей маңызды.

Ақынның жан қуаттары, ақыл мен қайраттың (жігер, байлаулылық) «қосылуы», ақыл, қайрат, жүректің бірлігі хақындағы тұжырымдары ілкіден өзіне дейін жинақталған рухани құндылықтар өзегімен өріліп, бірбүтін ілімге айналды.

Абай ілімі даналық және шығармашылық ойлаудың терендігін, ойдың кемелдігін, дүниетанымның кеңдігін білдіреді.

Абайдың ілімінің бастау-көздері Бірінші ұстаз Аристотель танымымен, Құран қағидаларымен, одан беріде Екінші ұстаз әл-Фараби даналығымен, Батыс пен Шығыстың ақыл-ой қазынасымен сабақтасып жатыр.

Абай ілімінің жүйесінде негізделген қағидалардың ғылыми және тарихи маңызы мен мәні қазақ қана емес, тұтас ғалам ақыл-ойы үшін айрықша зор.

Абай жасаған ілімнің, Абай жасаған рухани құндылықтар жүйесінің адамзат тарихында баламасы жоқ. Оны тану дәуірден дәуірге, ұрпақтан ұрпаққа жалғасады.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 3

Бірінші бөлім. Абай ілімінің іргелі ұстанымдары 5
Адам мен заман туралы 53
Жан мен тән туралы 68
Білім туралы 93
Әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі туралы 108
Қызыл тіл туралы 130

Екінші бөлім. Абай ілімінің құрамдас үш бөлімі 130
Ақыл 154
Қайрат 171
Жүрек (махаббат) 191

Үшінші бөлім. Абай ілімінің басты категориялары 191
Бес асыл іс категориялары 218
Бес жаман іс категориялары 244

Төртінші бөлім. Абай ілімінің үш негізі 244
Қазақтың дәстүрлі мәдениеті 280
Шығыс халықтарының дәстүрлі мәдениеті 301
Батыс халықтарының мәдениеті 308

Бесінші бөлім. Абай ілімінің модельдері 308
Абай ілімінің мағыналық-құрылымдық моделі 308
Абай ілімінің құрамдас бөлімдерінің сипаттары мен категорияларының моделі 310
Абай ілімінің логикалық модельдері 316

Қорытынды 316

Ғылыми-көпшілік басылым

Жанғара Дәдебаев

АБАЙДЫҢ АНТРОПОЛОГИЗМІ

Бас редакторы *Ә. Пірманов*
Редакторы *Г. Сыдықова*
Көркемдеуші редакторы *А. Алиева*
Техникалық редакторы *М. Алтай*
Корректоры *Г. Қадырқұлова*
Компьютерде беттеген *Э. Омарова*

ИБ №165

Теруге 10.09.2024 берілді. Басуға 24.10.2024 қол қойылды. Пішімі 84x108 1/32.
Офсеттік қағаз. Әріп түрі «Times New Roman». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 16,8.
Есептік баспа табағы 16,66. Таралымы 2 000 дана. №8558 тапсырыс.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.

Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты,
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

16+

ISBN 978-601-10-0516-6

9 786011 005166